

«Мәлік Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қамқоршылық кеңес отырысының №1 хаттамасы

28 тамыз 2023 жыл

Ақтөбе қаласы «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қатысқандар саны: 9

Қатыспағандар:0

Қатысқандар:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы – Қ.Қ. Табаналы
2. Кеңес мүшесінің орынбасары – М.Қ. Қайыржанұлы
3. Кеңес мүшесі – О.М.Сауанаев
4. Кеңес мүшесі – М.Б.Байдрахманұлы
5. Кеңес мүшесі – М.М.Шукуралиева
6. Кеңес мүшесі – Ш.Б. Абишева
7. Кеңес мүшесі – Г.М. Утарова
8. Кеңес мүшесі - Д.М. Сембай
9. Кеңес мүшесі – Б.Б. Дүйсенова

Күн тәртібінде

1. №64 қаулыға сәйкес ерекше санаттағы отбасы балаларына қаржылай көмек көрсетуді ұйымдастыру
Әлеуметтік педагог Иса Ж.Н.
2. Мектеп оқушыларын кітаппен қамтамасыз ету
Кітапханашы Айдарова Р.Е.
3. Оқушыларды тасымалдау
ДТІЖО Құрманғазин Д.Қ.
4. Оқушылардың мектеп формасы
ДТІЖО Калдыбаева А.Б.
5. Сабақ уақыты мен қоңырау кестесін бекіту
Мектеп директоры Д.Н. Кудайбергенов

Тыңдалды

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары М.Қ. Қайыржанұлы күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе бойынша сөзді әлеуметтік педагог Ж.Н.Исаға берді.

Ағымдағы оқу жылына дайындық мақсатында білім басқармасы бұйрығы негізінде «Мектепке жол» акциясы негізінде бюджет тарапынан ұйымдастырылып жатыр. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулыға сәйкес үкіметтен бөлінетін қаражат ата-аналардың жеке есепшотына әр балаға 40567 теңге аударылды. Қазіргі таңда мектепте атаулы әлеуметтік көмек алуға құқылы отбасылар жан басына шаққанда ең төменгі

күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылар және жетім, аАҚҚ балаларының тізімін жинақтап құжат қабылдау жұмыстары жүргізудеміз. Осы күнге дейін 81 отбасы, оның ішінде 156 балаға ата-ана өтініші негізінде құжат қабылданды. Әр балаға 40567 теңге бөлінеді. АСП бойынша 22 отбасы 40 бала, күнкөріс деңгейі төмен 45 отбасы 86 бала, жетім және ААҚҚ отбасы бойынша 1 отбасы 1 балаға алқалық органға 13 отбасынан 29 балаға құжат қабылданды. АСП күнкөріс деңгейі төмен жетім оқушылардың құжаттары №64 қаулыға сай. Алған 29 оқушының құжаттары толық болмағандықтан сіздерге қарастыруға ұсынып отырмыз.

Сөз кезегін кеңес мүшесі М.М.Шукралиева алды: мен әлеуметтік педагогтармен бірлесе отырып, үйлерді аралап тұрмыстық АКТ жасадық. Үйлерімен танысып шықтық, барған үйлеріміздің тұрмыстық жағдайы орташа, көмекке мұқтаж отбасылар. Өз аттарында үйлері жоқ, жалға алынған, туыстарының үйінде жүрген отбасылар. Сол себепті қаржылай көмек көрсетуге қарсы емеспін.

Сөз кезегін кеңес мүшесі Ш.Б.Абишева алды: құжаттарымен танысып шықтық, қаржы аударуға қарсы емеспіз. Мұқтаждықтан сұрап отырған болар. Мұқтаж болмаса сұрамайды деп ойлаймын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кітапханашы Р.Е.Айдар тоқталды. Қазіргі таңда мектептің барлық оқушылары тегін оқулықтармен қамтамасыз етілген.

2023-2024 оқу жылының тамыз айында 1380 оқушыға 100% таратылды. Кітапхана қоры жүйелі түрде толықтырылып отырады. Жалпы қоры 40098 дана, оның ішінде 20208-і таратылды, көркем әдебиет – 504 дана. Биыл оқу жылына 2 сыныптарға орыс тілі оқулығы қайтадан жаңартылып шығарылды. Сұраныс жіберілді. Кітапхананың кадрлармен жұмыс жасауы сапалы болды. Бұл әр оқушыны барлық оқулықтармен (100%) қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Қорды қалыптастыру жұмыстары келесі оқу жылында да жалғасады. Кітапхана алдында 1 сыныптарға «Ана тілі» оқулықтарын жаңарту міндеті тұр. Бастауыш сынып оқушыларының оқулықпен қамтамасыз етілуінің сараптамасын жасап болсам: биылғы оқу жылындағы 1 сынып оқушыларының саны – 165, оқулықпен 100%-ға, 3 сынып оқушыларының саны – 166, оқулықпен 100%-ға, 4 сынып оқушыларының саны – 142, оқулықпен 100%-ға қамтамасыз етілді. Мектептегі 5-9 сынып оқушыларының оқулықтармен қамтамасыз етілуі: 5 сыныптарда 150 оқушы, 6 сыныптарда 148, 7 сыныптарда 124 оқушы, 8 сыныптарда 130 оқушы, 9 сыныптарда – 151 оқушы бар.

Енді 10 сыныптардың оқулықтармен қамтамасыз етілуіне келсем сынып бөлінген жағдайда 100%-ға оқулықпен қамтылады. 11 сыныптардағы 57 оқушы түгелдей 100%-ға оқулықпен қамтылды.

Отырыстың бесінші мәселесі мектеп директоры Дабылбек Ниязбекович сөз алып, сабақ уақытының ұзақтығы 45 минуттан болу керектігін, алайда мектептің 770 білім алушысы мектеп автобусымен қатынамайтындығына байланысты сабақ уақытының ұзақтығын 40 минут етіп қысқартуға және ұзақ қонырау 15 минуттан емес, 10 минут болуы жөнінде өзгерту жасауға ұсыныс білдіретінін айтты. Себебі тасымалмен қатынайтын 770 оқушының 1 ауысымда 421 оқушы, 2 ауысымда 349 оқушы тасымал автобусымен қатынайды. Егер өзгерту енгізілген жағдайда сабақ уақытының аяқталуы тым кеш болатынын, тасымал оқушыларының үйлеріне кеш баратынын ескертті, өзгерту алдымен балалардың өмір қауіпсіздігін сақтап және олардың уақытын тиімді пайдалану үшін де керек.

№	Сыныптың атауы	Сынып саны	Оқушы саны	Комплект саны	Жалпы кітап саны	Қамтылуы
1	1	6	161	9	1449	100%
2	2	7	165	11	1815	100%
3	3	7	166	17	2822	100%
4	4	6	142	19	2698	100%
5	5	6	156	13	2028	100%
6	6	6	148	13	1924	100%
7	7	5	124	14	1736	100%
8	8	4	110	15	1650	100%
9	9	6	151	18	2718	100%
10	10	3	83	24	1992	100%
11	11	3	57	24	1368	100%
12		59	1463	177	22200	100%

Кенес мүшесінің орынбасары М.Қ.Қайыржанұлы сөз кезегін алды: қазіргі таңда барлық оқушылар кітаппен қамтамасыз етілгені жақсы болған.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Д.Қ.Құрманғазин сөз алды. «М.Ғабдуллин атындағы №70 ЖББОМ» КММ-нің Ақжар 1,2 елді мекендерінің Жаңа Қарғалы, Құмжол, Бұтақ, Саламат, Жібек жолы, Буровик саяжайларынан 777 оқушы тасымалданады. 2023 -2024 оқу жылына жалдамалы 7 автобус жұмыс жасағалы отыр. Жаңа Қарғалы – 102, Құмжол – 84, Бұтақ – 113, Жібек жолы – 236, Буровик – 242 оқушы.

1 ауысымда – 358 оқушы, 2 ауысымда – 419 оқушы. 1 – 4 класс – 366 оқушы, 5-11 класс – 411 оқушы қатынайды.

Төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Калдыбаева А.Б кеңес мүшелеріне мектеп формасы жайында дайындаған баяндамасымен таныстырып, форма үлгісі, түсі классикалық үлгіде болуын айтты. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, ақ жейде, көк галстук. Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген, ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы қажет.


Қыз балалар үшін пиджак, жилет ақ жейде, көк галстук, кара немесе көк туфли, тізеден төмен юбка болуы тиіс. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Дене шынықтыру формасы: кара-көк немесе кара түстегі спорттық костюм, ақ футболка және кроссовка болуы шарт екені айтылды.

ҚАУЛЫ:

1. Сабақ уақытының ұзақтығы 40 минуттан, ұзақ қоңырау 10 минут болып бекітілсін. №64 қаулыға сәйкес ұсынылған ерекше санаттағы 29 оқушыға қаржылай көмек көрсетілсін.
2. Оқушыларды кітаппен қамтамасыз етілу жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Оқушылардың тасымалдау кестесін құру және оны ұйымдастыру тәрбиешілерге бекітілсін.
4. 2023-2024 оқу жылына арналған міндетті мектеп формасы бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Хатшы

 К.К.Табаналы
 Г.М.Бекешева